

«Бекітемін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы

Алға ауданының білім бөлімі» ММ

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасы МКҚК меңгерушісі:

А.К.Ажигулова 

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасының педагогтарымен
2024 -2025 оқу жылында өткізілетін
педагог-психологтың жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Мерзімі
1	Жаңадан келген балалардың бейімделуі туралы аналитикалық анықтама «Баланың үш жастағы дағдарысы. Бұл не?»	Кеңес	Қыркүйек
2	«Педагогикалық әдеп»	Кеңес	Қазан
3	«Педагогтармен ата-ана арасындағы қарым-қатынас деңгейін бағалау»	сауалнама	Қараша
4	Балалардың тұлға аралық қарым-қатынастарын диагностикалау нәтижелері бойынша кеңес беру	Кеңес	желтоқсан
5	«Бала мен ата-ана қарым-қатынасы» Диагностика нәтижелері бойынша	Жеке кеңес	Жыл бойы
6	«Эмоционалдық күйзеліс деңгейі» диагностикасы (В. В. Бойко	Диагностика	қаңтар
7	«Психологиялық денсаулықтың құпиясы»	тренинг	Ақпан
8	Өз –араңызда қандайсыз ?	сауалнама	наурыз
9	«Көтеріңкі көңіл-күй – жанға қуат береді»	тренинг	сәуір
10	Сұраныстар бойынша педагогтарға, ата-аналарға психологиялық	кеңес	Жыл бойы

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай- балабақшасы
Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша**

Хаттама №1

Жүргізілген уақыты: 05.09.2024 ж.

Кіммен өткізілді: кіші топ тәрбиешілерімен

Қатысқаны: 2

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Бейімделу кезінде балаларда болатын психо эмоциональды қысымның белгілері

1. Ұйқыға жатқысы келмеуі
2. Бұрын көрмеген, іс - әрекеттерден шаршау
3. Себепсіз ренжігіштік, жылағыштық немесе ызакорлану
4. Зейіні тұрақсыз, ұмытшақтық
5. Алаңдаушылық
6. Өзіне сенімсіздік
7. Қырсықтық таныту
8. Ұдайы саусак сорғыштық
9. Қарым - қатынасқа түсуден қорқу
10. Бұрын байқалмаған, түскі және түнгі ұйқыда зәр шығару

Жоғарыда аталғандардың бәрі баланың психоэмоционалды күйзелісте екенін көрсетеді, тек алдын осындай белгілер байқалмаған жағдайда ғана.

Балалардың өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру

Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі – қалада өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс - әрекеттерді орындау қажет:

1. Балаларды бір - бірімен таныстыру, бір - біріне жақындастыру;
2. Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
3. Топпен және балабақшамен танысу;
4. Балабақша қызметкерлерімен танысу;

Осының барлығы, яғни айналамен таныстру ойын түрінде жүргізілуі тиіс.

Балаларды бір - біріне жақындастыруға бағытталған ойындар

1. Кел, танысайық!

Балалар тәрбиешімен бірге шеңберде тұрады. Тәрбиеші қолына доп (доп жеңіл, әдемі болуы керек) алады. Бала допты қағып алып, өзінің атын айтып, келесі балаға береді, ойын осылай жалғасады.

2. Көпіршіктер!

Балалар орындықта жартылай шеңбер болып отырады. Тәрбиеші бір баланың жанына барып «Сенің атың кім?» атыңды қатты дауыспен барлығы есітетіндей етіп айтшы деп сұрайды!» Бала өзінің атын айтады. Тәрбиеші баланың атын қайталап, қолынан ұстап, келесі балаға келеді, осылай барлық бала кезекпен бір - бірінің қолдарынан ұстап тәрбиешімен жүреді. Алдымен ойынға құштарланып тұрған балаларға барған жөн. Егер бір бала ойнағысы келмесе қинаудың қажеті жоқ. Олар ойынды бақылап отырып, ойынға қызығып өздері ойынға қосылады.

Балалар үлкен шеңбер болады. Тәрбиеші, «қарандаршы бізде қандай үлкен көпіршік сияқты шеңбер пайда болды! Қарандаршы, біз қалай көппіз.- Ал енді кішкентай шеңбер жасаймыз».

Балалар тәрбиешімен тығыз шеңбер жасап, көпіршікті үрлей бастайды.

3. «Кімнің дауысы?»

Балалар жартылай шеңбер жасап отырады, ойын бастауға бір бала шығып, балалардың артында тұрып бір баланың атын атайды, балалар кім екенін табады. Ойын осылай жалғасады.

Балаларды балабақшаға бейімдеу барысында балаларды балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлермен таныстыру мақсатында ойындар жүргізу керек. Әр баланы таңертеңгі қабылдауда жылы қабақпен қабылдау. Ата - анамен тығыз байланыста болу.

Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы
Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша**

Хаттамасы

Тақырыбы: Баланың үш жастағы дағдарысы. Бұл не?

Мақсаты: Бала бойындағы дағдарыстың өтпелі кезеңіне байланысты екендігін түсіндіре отырып, көмек беру

Жүргізілген уақыты: 05.09.2024 ж.

Кіммен өткізілді: ортаңғы топ тәрбиешілерімен

Қатысқаны: 2

Баланың үш жастағы дағдарысты қарастыруға себін тигізетін үш түрлі көзқарас бар. Біріншіден, бұл дағдарыс баланың өтпелі кезеңіне байланысты. Өйткені бала психологиясында бұл кезеңде жаңа-құрылымдар мен саналы ерекшеліктер пайда болады. Бала психикасының дамуындағы дағдарыстың пайда болуын оның жақын арадағы даму аймағына қатысты қасиеттерді өзгеру заңдылығымен ұштасты түрде іздестіру керек болады. Үш жастағы дағдарыстың мән-жайын ашып көрсету үшін баланың дамудағы сыртқы және ішкі жағдайларды қарастыру қажет. Бұл мәселенің түйінді жері баланың үш жаста дағдарысқа ұшырау себептері нендей жағдайларға байланысты болады және оның қалыпты жағдайдан ауытқуына әсер етуші фактор қандай? деген мәселенің мәнін айқындап көрсетуді талап етеді. Осы мәселенің мәнін ашып көрсетуде біріншіден, дағдарыс баланың бойындағы мұндай жағымсыз қылықтарын оның тіл алмай, қасарысуынан айыра білу қажет. Баланың жағымсыз қылықтары ересектердің қойған талаптары мен айтқандарының бәріне қарсы шығады. Алайда баланың бір нәрсені істеуге зауқы болмаса мұның бәрі жағымсыз қылықтары мен қарсылық көрсетуін (мысалы, ол ойнап жүргенде оған жатып ұйықта десе, ол бірден төсегіне жатып ұйықтамайды), мұның бәрін дағдарыс кезеңінің көріністері деп санауға болмайды. Бала ба рынша өзінің ойындағысын істегісі келеді. Бірақ оған тыйым салынады. Бұл жайттардың бәрін қисық-қынырлық қылық, жағымсыз мінез деуге болмайды. Осындай жағдайда баланың ересектер талабына қарсы әрекеті оның өзі ұнатқан іспен шғылданғысы келетінін көрсетеді. Баланың үлкендердің талабына қарсылық білдіріп, ондай ұсыныстарын орындамай қырсығуы оның өзіндік ойы мен тілегін іске асыруға ұмтылуын көрсетеді. Мұндай қылық бала әрекетіндегі өзіндік санасындағы өзгерісті, оның сапа жағынан жаңа сатыға көтерілгенін көрсетеді. Дағдарыстың көрінісі баланың ісіне, осындай қылықтарынан айқын байқалады. Егер баладан басқа бір нәрсені істедуді өтініп сұраса, онда ол бұл жағдай өзінің көңіліне қонымды болғандықтан қарсылықсыз орындайды. Баланың бойын ашу-ыза керткенде әмірлі дауыспен айтқан сөз де оған әсер етпейтінін байқатты. Бірсыпыра авторлар мұндай жайттарды көркемдеп жазды. Мысалы, ересек адам сәбиге келіп әмірлі үнмен: «Мына көйлектің түсі кара» десе, ол қарсылық көрсетіп, «бұл көйлектің түсі ақ » дейді. Қасарысу оған айтылған сөздердің мәніне қарамастан керісінше істеуге кесірлену дағдарыстың нақтылы көрінісі. Жағымсыз әрекеттің тіл алмаудан екі түрлі айырмашылығы бар.

Біріншіден, бұл жерде өзге адамдармен әлеуметтік қатынас жасау маңызды орын алады. Бұл ретте балаға айтқанды істеп, оны ұқтыру орындалатын әрекет маңызды емес, өзге адамдармен қатынас жасау ниеттілігіне байланысты. Жағымсыздық мінез-қылық әлеуметтік сипаттағы әрекет, бұл орайда балаға қойылған талап мазмұны емес, оның мәні адамға бағытталған.

Екінші ерекшелік — баланың өзінің ашу-ызасына; деген жаңаша қатынасы. Ол ашу-ыза әсерімен әрекет етпей, өзінің көңіл-күйіне керісінше әрекет жасауға ұмтылады. Ашу-ызара бой билету мен әрекеттену үш жастағы балаға тән мінез ерекшелігі. Көптеген зерттеу нәтижелері баланың сәбилік кезеңінде оның ашу-ызасы мен іс-әрекеті бірігіп кететінін көрсетеді. Мектепке дейінгі жаста басқа адамдарға қатысты әрекет те пайда болып, ол өзге жағдайларға қатысты ашу-ызадан туындайды. Егер баланың қарсылығы белгілі бір жағдайға байланысты болса, онда оны баланың жағымсыз қылығы деп санауға болмайды. Мұндай ретте жағымсыздық әрекет дәл сол кездегі оқиғаға байланыссыз жағдайда көрініс табады.

Үш жастағы дағдарыстың екінші көрінісі — қырсығу. Жағымсыздық қырсығудан өзгеше қылық. Қырсығудың өзін қасарысудан ажырата білу керек. Мысалы, бала бір нәрсенің орындалуын өзінше талап етіп қасарысып тұрып алады. Бұл қырсықтану емес, бұл үш жастағы дағдарысқа дейін де кездеседі. Мысалы, бала бір затты немденгісі келеді, бірақ оны бірден ала алмайды. Ол бұл заттың өзінікі болуына қасарысумен қол жеткізеді. Қырсықтану дегеніміз, сәбиге бір зат оған аса қажет болғандықтан қасарыса қалмайды, ол затты сұрағаны үшін ғана қасарысады. Ол өз талабының орындалуын тілейді. Айталық, сәбиді ауладан үйге шақырдық дейік; ол көнбейді, бірақ біз оның үйге кіру керектігін дәлелдеп, үгіттейміз, ол дәлелді түсінгенімен; бәрібір үйге кірмейді. Сәбидің қырсықтану себебі өзінің бастапқы шешіміне байланысты болады. Тек осы жағдай ғана қырсықтануға жатады.

Қырсықтануды кәдімгі қасарысудан ерекшелейтін екі сәт бар. Оның бірі — жағымсыз қылыққа ұқсастығы, оның себепке қатысы бар. Егер бала дәл қазір қажет етіп тұрған нәрсесін қасарысып сұраса, бұл қасарысу болмайды. Мысалы, ол шанамен сырғанауды ұнатады, сондықтан да күні бойы аулада жүргісі келеді.

Екінші сәт. Егер жағымсыздыққа әлеуметтік сипат тән болса, яғни бала ересектердің айтқанына керісінше әрекет жасайтын болса, қасарысу сипаты болғаны. Баланың ызасы өзгермелі болады деп айтуға болмайды. Баланың дағдарысқа ұшырау кезеңіне дейін оның өзіне деген ниет-қылығының себептерін қалайша болатындығына көз жеткізуіміз керек.

Үшінші сәт — баланың қыңырлық кезеңі. Бала мінезіндегі ерекшеліктің алғашқылардан айырмашылығы қандай? Қыңырлық жеке бастың ерекшелігі емес. Жағымсыз қылықтар баланың қандай да болсын ересектерге қарсы бағытталған әрекеттері. Ал қыңырлық бала тәрбиесінің қалпына қарсы, өмір салтына қарсы бағытталады: ол «ой қойшы!» деген баланың өзіне тән риза болмауын білдіреді, сәби өзіне ұсынылғанның, істегеннің бәріне жауап береді. Бұл жерде қырсықтық белгі адамға қатысты емес, 3 жасқа дейін қалыптасқан барлық өмір салтына қарсы. Бұрын ол қызыққан ойыншықтарды ұсыну қалпына қатысты. Қырсықтықтың қасарысудан айырмашылығы сол, ол қалайда өзінің қажетін орындауға табандылық көрсетуі. Буржуазиялық сипаттағы тәрбиеде қырсықтық үш жастағы бала бойындағы дағдарыстың негізгі белгісі болып саналады. Өйткені бұрын әулетте еркелетіп өсірілген бала енді айналасындағы адамдармен қатынасы дөрекілене бастайды. Баланың бойында енді назарылық білдіру пайда болып, оған бұрынғы жасалған әрекеттерге жасырын түрде қарсы шығып, өзінің риза еместігін білдіреді. Енді төртінші ерекшелік — өзіндік ерік немесе өзімшілдік мінез деп аталады. Бұл баланың дербестік бағытын көрсетеді. Енді бала бәрін өзі істегісі келеді. Талданып отырған дағдарыс түрлерінің бұдан басқаша үш түрі бар деп жүр, бірақ олардың қосымша ғана маңызы бар. Оның біріншісі — қарсылық көрсету. Баланың мінез-құлқындағы бірқатар көріністердің бәрі қарсыласу сипатында болады. Оның мінез-құлқы өзгелерге қарсыласу ерекшеліктермен көрініс беріп, өз маңындағылармен

ұрысып, таласып, үнемі ренжісу жағдайында болып көрінеді. Баланың ата-анасымен қақтығысы әдетке айналды. Осыған орай баланың өзі елеусіз қалады. Мысалы, бұрын тату болған семьяда бала өз анасына «сен ақымақсың» дейді. Бала өз ойыншықтарын да бағаламауға тырысады, оларды ұстағысы келмейді, онын сөздерінде балағаттау мен кемсіту сөздері пайда болады. Мұндай сөздер орынсыз айтылады. Бұлардан басқа тағы да екі жақты ерекшелік болатынын атап айту керек. Үйдегі жалғыз бала болғандықтан оның талап-тілектерінің бәрі орындалып, ол нағыз өзінің өктемдігін жүргізуге тырысып бағады. Бұл көрініс әр түрлі семьяда түрліше болып келетіні байқалады. Жалғыз ғана баласы бар семьяда өктемдік етуге ұмтылушылық кездеседі. Ондай бала маңындағы адамдарға айтқанын істеп, айдауына жүргізгісі келеді. Ондай баланың шешесі үйден шықпауға тиіс, бала талабы бойынша шешесі бөлмеде болуға тиіс. Ол талап еткеннің бәрін оған алып беру керек. Ол ұсынған тағамды жемейді, өзі сүйген тамақты ғана ішеді. Бала айналасындағы адамдарға билік жүргізу үшін неше алуан тәсілдерді табады. Ол барлық талаптары орындалған жағдайда өзгелердің бәріне әмірші болғысы келеді. Ал кейбір семьяда мұндай сипат қызғаншақтық деп те аталады. Өзінен жасы кіші не үлкен баланы қызғанатын болады. Міне үш жастағы баланың бойында жиі кездесетін мінез нышандары осындай. Бұл ерекшеліктердің бәрі бала тәрбиесіне байланысты пайда болып отыратын қасиеттер. Қорытынды: Кеңес сонында әр тәрбиеші өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Өз қиыншылықтарын айта отырып, бір-біріне кеңес беріп, сәтті жақтарымен бөлісті.



Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақшасының балаларымен жүргізілген
психодиагностика (Павлова Н.Н, Руденко Л.Г Экспрес Диагностика)**

әдісі бойынша қортындысы

2024-2025 оқу жылы

Хаттама

Мақсаты: Балалардың танымдық деңгейін анықтау. Балалардың ойлау, қабылдау, зейіні, есте сақтау, қиял, жалпы хабардарлық, логикалық ойлау, сөздік қорларының деңгейлерін диагностикалау

Жүргізілген уақыты: 22.10. 2024 г

Тобы: Ересек аралас «Айгөлек» тобы

Қатысқан бала саны: 10

Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г

№	Аты-жөні	Субтест															
		1.Баспалдақ (Өзін-өзі бағалауы)			Шенберді кино (ұсақ моторика)	Үй (зейін)	10 сөз (есте сақтау)	Сөйлемді аяқта (сөздік логикалық ойлау)	4 артық (бейнелі логикалық ойлау)	Суреттің дұрыс орналасуы	Жетіспейтін суреттің тап (ойлау)	Адамның суреті	Қиылған суреттер (қабылдау)	Бұл неге ұқсайды (қиял)	Тығым сөздер (ерікті)	Графикалық диктант	Субтесттің жалпы баллы
Б	Т/1	Т/2															
1	Азат Нұркелді	о/ж	ж	о/ж	1	1	1	1	1	1	0	1	1	1	1	0	10(Т)
2	Айтимова Адина	Ж	ж	о	2	2	2	1	1	1	1	2	1	2	2	1	18(О)
3	Аскаров Жандарбек	Ж	о/ж	ж	1	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	14(О)
4	Болатов Әлинұр	о/ж	о/ж	ж	1	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	12(О)
5	Ғалымбек Нұрай	о/ж	ж	Ж	1	1	1	1	1	1	0	1	1	1	1	0	10(Т)
6	Ерниязова Фариза	ж	Ж	Ж	2	2	2	1	2	1	1	2	1	2	2	1	19(О)
7	Ерік Нұрислам	Т	Т	Т	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0(Т)
8	Ондасынова Адия	Ж	Ж	Ж	1	1	2	1	1	1	1	1	1	2	1	1	14(О)
9	Өсербаев Еламан	о/ж	Ж	о/ж	0	1	1	0	0	0	0	1	1	0	0	0	4(Т)
10	Талғат Сұлтан	о/ж	о/ж	Ж	0	1	1	0	0	0	0	1	1	1	0	0	5(Т)
		1. Ж-2-20% О-5-50% Т-3-30%			3.Ж-4-40% О-5-50% Т-1-10%			6. О-7-70% Т-3-30%			8.Ж-2-20% О-7-70% Т-1-10%			10. Ж-3—30% О-5—50% Т-2-20%			
		2.Ж-4-40% О-5-50% Т-1-10%			4. О-7-70% Т-3-30% 5. Ж-1-10% О-6-60% Т-3-30%			7. О-5-50% Т-5-50%			9. О-9-90% Т-1-10%			11. Ж-2-20% О-5—50% Т-3—30% 12. О-4—40% Т-6—60%			

Тәрбиешілерге ұсыныс: топ арасында басым дамыған қиял, қол моторикасын, көріп еске сақтау қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында оқу тәрбие жұмыстарында түрлі бағыттағы әдістемелерді пайдалану ұсынылды.

Ересек аралас «Айголек» тобы Керн-Йирасик әдістемесі

№	Тәрбиеленушілердің аты –жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі				Қорытынды
		Ер адам	Сөз тізбегі	Нүкте қатары	Жалпы балл	
1	Азат Нұркелді	3	3	3	9	Орташа
2	Айтимова Адина	2	2	2	6	Жоғары
3	Асқаров Жандарбек	2	3	3	8	Орташа
4	Болатов Әлинұр	3	2	2	7	Орташа
5	Ғалымбек Нұрай	3	3	3	9	Орташа
6	Ерназарова Фариза	2	2	2	6	Жоғары
7	Ерік Нұрислам	5	5	5	15	Төмен
8	Оңдасынова Адия	2	3	3	8	Орташа
9	Өсербаев Еламан	4	4	4	12	Төмен
10	Талғат Сұлтан	4	4	4	12	Төмен

Тәрбиешілерге ұсыныс: топ арасында басым дамыған киял, қол маторикасын, көріп еске сақтау қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында оқу тәрбие жұмыстарында түрлі бағыттағы әдістемелерді пайдалану ұсынылды.

Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-Абалабақшасының балаларымен жүргізілген
психодиагностика (Павлова Н.Н, Руденко Л.Г Экспресс Диагностика)
әдісі бойынша қортындысы
2024-2025 оқу жылы**

Хаттама

Мақсаты: Балалардың танымдық деңгейін анықтау. Балалардың ойлау ,қабылдау, зейіні, есте сақтау, қиял, жалпы хабардарлық, логикалық ойлау, сөздік қорларының деңгейлерін диагностикалау

Жүргізілген уақыты: 22.10. 2024 г

Тобы: Ортаңғы аралас «Айгөлек» тобы

Қатысқан бала саны: 15

Ортаңғы аралас «Айгөлек» Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г

№	Аты-жөні	Субтест															
		1.Баспалдақ (Өзін-өзі бағалауы)			Шенберлі кюо (ұсақ моторика)	Үй (зейін)	10 сөз (есте сақтау)	Сөйлемді аяқта (сөздік логикалық ойлау)	4 артық (бейнелі логикалық ойлау)	Суреттің дұрыс орналасуы	Жетіспейтін суреттің тап (ойлау)	Адамның суреті	Қиылған суреттер (қабылдау)	Бұл неге ұқсайды (қиял)	Тығым сөздер (ерікті)	Графикалық диктант	Субтесттің жалпы баллы
Б	T/1	T/2															
1	Алимухамбетұлы Төре	ж	ж	о/ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12(О)
2	Амангали Адина	о/ж	ж	о/ж	0	1	0	0	0	1	0	1	1	1	0	1	6(Т)
3	Андешева Айзагүл	о/ж	о/ж	ж	1	1	0	0	1	1	0	1	1	1	0	1	8(Т)
4	Андешев Жандос	о/ж	о/ж	ж	0	1	0	0	0	1	0	1	1	0	0	0	4(Т)
5	Әділхан Нұрасыл	о/ж	ж	о/ж	0	1	1	0	0	1	0	1	1	0	0	0	5(Т)
6	Берікқызы Ясина	о/ж	ж	о/ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12(О)
7	Бисенов Айбар	Т	о/ж	Т	0	1	0	0	0	1	0	1	1	0	0	0	4(Т)
8	Болатова Көзайым	Ж	о/ж	Ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12(О)
9	Бекбулат Рамида	о/ж	Ж	о/ж	1	1	1	0	0	1	1	1	1	1	1	1	10(Т)
10	Даулетова Томирис	о/ж	о/ж	Ж	0	1	1	0	0	1	1	1	1	0	0	0	6(Т)
11	Есентай Анель	о/ж	Т	о/ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12(О)
12	Қосдаулет Айша	о/ж	Ж	о/ж	1	1	1	0	0	1	0	1	1	1	1	1	9(Т)
13	Раис-Назар-Али	о/ж	ж	о/ж	0	1	1	0	0	1	1	1	1	1	1	1	9(Т)
14	Төлеубай Раушан	о/ж	ж	о/ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12(О)
15	Ұзақбай Нартай	о/ж	ж	ж	1	1	1	0	0	1	1	1	1	1	1	1	10(Т)
		1. О-9-60% Т-6-40%			3 О-11-73% Т-4-26%			6. О-15-100%			8. О-15-100%			10. О-11—73% Т-4-26%			
		2. О-15															

Ортаңғы аралас «Айгөлек» тобы Керн-Йирасик әдістемесі

№	Тәрбиеленушілердің аты –жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі				Қорытынды
		Ер адам	Сөз тізбегі	Нүкте қатары	Жалпы балл	
1	Алимухамбетұлы Торе	3	4	4	11	Орташа
2	Амангали Адина	4	5	4	13	Төмен
3	Андешева Айзагүл	4	5	5	14	Төмен
4	Андешев Жандос	5	5	5	15	Төмен
5	Әділхан Нұрасыл	4	5	5	14	Төмен
6	Берікқызы Ясина	3	4	3	10	Орташа
7	Бисенов Айбар	4	5	5	14	Төмен
8	Болатова Көзайым	3	3	3	9	Орташа
9	Бекбулат Рамида	3	4	4	11	Орташа
10	Даулетова Томирис	4	4	5	13	Төмен
11	Есентай Анель	3	3	4	10	Орташа
12	Қосдаулет Айша	4	5	4	13	Төмен
13	Раис-Назар-Али	4	5	4	13	Төмен
14	Төлеубай Раушан	3	3	3	9	Орташа
15	Ұзақбай Нартай	4	5	4	13	Төмен

Тәрбиешілерге ұсыныс: Ортаңғы аралас топ арасында басым дамыған қиял, қол моторикасын, көріп еске сақтау қабілеттерін одан әрі дамыту мақсатында оқу тәрбие жұмыстарында түрлі бағыттағы әдістемелерді пайдалану ұсынылды.

Педагог-психолог: 

А.Р.Аскарова.

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай- балабақшасы
Психологтың жасаған жұмысының
Хаттамасы**

Бағыты: Кеңес беру

Қатысушылар: Балабақша педагогтары

Күні: 17.11.2024 ж.

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп»

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз. «шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қолынан келгенінің бәрін үйретіп, бағыт-бағдар беріп, сыртқы келбетімен, киім үлгісімен, өзін-өзі ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және кара түс болып есептеледі. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де, әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестермен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті.

Педагог-психолог:  А.Р. Аскарова.

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай- балабақшасы
сауалнама қорытындысы бойынша
Хаттама**

Сауалнама: «Педагогтармен ата-ана арасындағы қарым-қатынас деңгейін бағалау»

Мақсаты: Қарым-қатынас бойынша педагогтармен ата-аналардың бағаланбаған қабылдауын дамыту. Сабырлық пен ұстамдылыққа тәрбиелеу, адамдарға құрметпен қараудың маңыздылығын тереңірек түсіну.

Кіммен өткізілді: Педагогтармен

Қатысқаны: 8 педагог

Әдістеме барысында:

Әдістеме 16 сұрақтан тұрады. Әдістеме нұсқауы: Педагогтарға бірнеше қарапайым сұрақтар қойылады. Тез, анық «иә», «жоқ», «кейде» деп жауап беру керек.

Әдістеме бағалануы: Жауап рейтингі: «иә» – 2 ұпай, «кейде» – 1 ұпай, «жоқ» – 0 ұпай.

Алған ұпайлары жинақталып, қай санатқа жататыны анықталады.

А.К.Ажигулова, А.О.Едигина М.О.Касымғалиева, Қоянбаева Н.А.9-13 ұпай. Сіз өте көпшіл бола аласыз. Ата-анаңызбен үнемі сөйлесуге тырысыңыз, бірақ көбінесе бұл әңгімелер мағынасыз. Сіз назардың орталығында болуды ұнатасыз және ешкімнің өтініштерінен бас тартпайсыз, бірақ сіз оларды әрқашан орындай алмайсыз. Ата-аналарға балаларын қалай тәрбиелеп жатқаны туралы өз пікіріңізді білдіруге тырысыңыз және кез келген жағдайда оларды бала тәрбиесіне байланысты ойланатын нәрселер туралы кеңес беріңіз. Сіз тез ашуланшақсыз, бірақ тез ойлысыз. Күрделі мәселелерге тап болған кезде сізге шыдамдылық пен батылдық жетіспейді. Қаласаңыз, сіз мағыналы қарым-қатынас жасай аласыз.

К.А.Агадиева, М.Х.Абдрахманова 4-8 ұпай. Сіз тым көпшілсіз. Әрбір ата-анаға «дос» болуға, олардың барлық мәселелерінен хабардар болуға ұмтылыңыз. Барлық даулар мен талқылауларға қатысуды ұнатады. Сіз әрқашан кез келген тапсырманы орындауға дайынсыз, бірақ оны әрқашан сәтті орындай алмайсыз. Сіз кез келген мәселе бойынша өз пікіріңіз бар және оны әрқашан білдіруге ұмтыласыз. Мүмкін осы себепті ата-аналар мен әріптестер сізге сақтықпен және күмәнмен қарайды. Сіз бұл фактілер туралы ойлануыңыз керек.

Дүйсенбаева Г.А. 14-18 ұпай. Сіздің қарым-қатынас дағдыларыңыз қалыпты. Сіз кез келген ата-анамен «ортақ тіл» таба алатыныңызға сенімдісіз. Сіз ата-анаңызды ықыласпен тыңдайсыз, олармен қарым-қатынас жасауда шыдамдылық танытасыз және өз көзқарасыңызды басқаларға таңпастан қалай қорғау керектігін білесіз. Ата-аналармен жеке және ұжымдық қарым-қатынас сізге жағымсыз әсер етпейді. Ата-аналар да сізбен байланыста болуға және сізден кеңес пен қолдау алуға тырысады. Сонымен қатар, сіз көп сөзді, шамадан тыс эмоционалдылықты ұнатпайсыз және қажетсіз жанжалдарды болдырмауға тырысасыз.

Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова